

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



Бекітілген
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректор
бұйрығымен

Хаттама № 33
« 13 » 04 2022 ж.
01-04/75 ; 27.04.2022.

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Ғылыми кеңесі туралы
Е р е ж е

Көшірме	Код	Басылым	Құрастырған	Келісілген
	ҚазҰПУ	алтыншы	Битибаева Ж.М. <i>[Signature]</i>	М.Бектемесов <i>[Signature]</i>
				К.Исакова <i>[Signature]</i>
				А.Кулдариева <i>[Signature]</i>
				Е.Бурibaев <i>[Signature]</i>
				Ш.Нурлаңов <i>[Signature]</i>
				Е.Кусаинов <i>[Signature]</i>

Алматы, 2022

Бекітілген
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректор бұйрығымен

Хаттама № 33
« 13 » 04 2022 ж.

04-04/175 27 апрель 2022

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Ғылыми кеңесі туралы
Е р е ж е**

1. Жалпы ережелер

1. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік Қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Ғылыми кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына, «Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгі ережесі және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қарашадағы №574 бұйрығына сәйкес әзірленген, Қоғамның Ғылыми кеңесінің құрылымын, мақсаттары мен функцияларын, қызметінің ұйымдастырылуын анықтайды

2. Қоғамның Ғылыми кеңесі консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Қоғамның Ғылыми кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қоғамның Ғылыми кеңесінің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді жариялылық және ұжымдық талқылау қағидаттарына негізделеді.

2. Қоғамның Ғылыми кеңесінің құрылымы

5. Қоғамның Ғылыми кеңесі Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен құрылады.

6. Қоғамның Ғылыми кеңесінің құрамына Басқарма Төрағасы-Ректор, Басқарма мүшелері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессор-оқытушылар құрамының, қоғамның студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіре алады.

7. Қоғамның Ғылыми кеңесінің төрағасы Басқарма Төрағасы-Ректор болып табылады. Төраға Қоғамның Ғылыми кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның жарғысына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

8. Төраға Басқарма мүшелерінің құрамынан төрағаның орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда төрағаның орынбасары оның міндеттерін атқарады.

9. Ғылыми кеңес мүшелері Қоғамның жалпы жиналысында жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Жалпы жиналысқа қатысушылардың кемінде оның тізім құрамындағылардың үштен екісі қатысып отырған кезде солардың жартысынан көбінің дауысын жинаған үміткер сайланған болып есептеледі.

Ғылыми кеңестің құрамы Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

10. Ғылыми кеңестің құрамы үш жыл мерзімге сайланады және мүшелерінің тақ санынан тұрады. Қажеттілігіне қарай Ғылыми кеңестің шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Төмендегідей жағдайларға байланысты университет Ғылыми кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілуі мүмкін:

1) Ғылыми кеңесінің құрамынан Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш беру арқылы шығу;

2) Ғылыми кеңесінің мүшесі мен университеттің арасындағы еңбектік қатынастың тоқтауы;

3) Қоғамнан шығарылуына байланысты;

4) Ғылыми кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы шешім негізінде;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген басқа да негіздемелер.

11. Жаңадан сайланған Ғылыми кеңестің жұмысы басталған сәттен бастап алдыңғы Ғылыми кеңестің өкілеттігі тоқтатылады.

12. Ғылыми кеңесінің жаңа құрамын мерзімінен бұрын сайлау оның мүшелерінің кемінде жартысының талабы бойынша жүргізіледі.

13. Бас ғалым хатшы Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен тағайындалады.

14. Бас ғалым хатшы болмаған уақытта оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған, тиісті құқықтар мен міндеттерге иеленетін, өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін жауапты болатын адам орындайды.

3. Ғылыми кеңесі қызметінің мақсаттары

15. Ғылыми кеңестің негізгі мақсаты:

1) Қоғамның даму келешегіне ықпал ету;

2) қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мақсатында басшылықтың, оның профессорлық-оқытушылық құрамының, әкімшілік-басқару персоналының, оқу-көмекші персоналының және қызмет көрсету персоналының күш-жігерін біріктіру;

3) кәсіптік білім беру бағдарламаларын және даму стратегиясын табысты іске асыру үшін білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрам үшін қажетті жағдайлар жасау;

4) Қоғамның материалдық-техникалық базасын нығайту.

4. Ғылыми кеңесінің функциялары

16. Ғылыми кеңестің негізгі функциялары:

- 1) ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбие қызметі бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау;
- 2) оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамытудың перспективалық жоспарын қарау;
- 3) профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарау;
- 4) ішкі тәртіп ережелерін қарау және бекіту;
- 5) оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 6) университеттің Стратегиялық даму жоспарын іске асыруға байланысты мәселелерді қарау;
- 7) университеттің әлеуметтік дамуының негізгі мәселелерін қарастыру және шешім қабылдау;
- 8) өткен оқу жылындағы университеттің қызметін қорытындылау;
- 9) университеттің оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы туралы есептерді мерзімді қарау;
- 10) Қоғамның құрамына кіретін өзге де құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау;
- 11) Қоғам Басқармасының бекітуі үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Білім беру бағдарламаларын қарау;
- 12) оқулықтарды, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік әзірлемелер мен монографияларды қарастырады және басып шығаруға ұсынады;
- 13) қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор ғылыми атақтарын беруге ұсынады;
- 14) Қоғам қызметкерлері мен шығармашылық ұжымдарды мемлекеттік, үкіметтік наградаларға және құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселелерді қарайды;
- 15) Қоғамның қызметіне байланысты және алқалық шешімді талап ететін өзге де мәселелерді қарау.

5. Ғылыми кеңесінің комитеттері

17. Ғылыми кеңес құрамынан құрылған комитеттер ғылыми жұмыс жөніндегі, академиялық мәселелер жөніндегі, тәрбие ісі жұмысы жөніндегі үш бағыттан құралады. Комитет басшысы болып, жауапты проректорлар тағайындалады.

Университет Ғылыми кеңесінің мәжілісіне шығарылатын әрбір мәселе бойынша Ғылыми кеңесінің құрамынан құрылған Комитеттер жоспарланған сұрақтар бойынша жауапты тұлғаны тағайындайды.

Сәйкес жылға жұмыс жоспарын бекіткен соң, Ғылыми кеңесінің бас ғалым хатшысы Ғылыми кеңесінің барлық мүшелеріне, жауапты тұлғаларға таныстырады. Ғылыми кеңесі сұрақтарды әзірлеу үшін оның мүшелері қатарынан осы сұрақтар бойынша Ғылыми кеңесіне дәйекті ұсыныстарын беретін комитеттер нықтыланады.

18. Өз жұмысында комитеттер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, университет Жарғысын, университет Ғылыми кеңесі төрағасының өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

19. Комитет комиссиясының құрамына оқытушы-профессорлар құрамы қатарынан, сондай-ақ университет қызметкерлерінің басқа да санатынан білікті мамандар, докторант, магистрант және студенттер кіреді.

6. Ғылыми кеңесінің мәжілісіне сұрақтар дайындау және мәжіліс өткізу тәртібі

20. Ғылыми кеңесі өз жұмысын сәйкес оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

21. Ғылыми кеңес өзінің бірінші отырысына мүшелері сайланғаннан кейін және Басқарма Төрағасы-Ректордың тиісті бұйрығы шыққаннан кейін бір айдан кешіктірмей жиналады. Бірінші отырыста Төраға Ғылыми кеңестің сайланған мүшелері мен оған кіретін мүшелерінің лауазымы бойынша аты-жөнін, тегін хабарлайды.

22. Ғылыми кеңестің отырыстары ашық, жария негізде өткізіледі және «Қазақ университеті» газетімен жариялануы мүмкін.

23. Ғылыми кеңесінің (немесе оның Төрағасының) шешімі бойынша университет Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қарастырылатын мәселелер бойынша қажетті мәліметтер мен қорытындылар беру үшін мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, ғылыми мекемелер өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, ғалымдар мен басқа да мамандар шақырылуы мүмкін.

24. Ғылыми кеңесі мәжілісінің хаттамасы жүргізіледі. Хаттамаға мәжілісте төрағалық етуші және Бас ғалым хатшысы қол қояды.

Ғылыми кеңесінің шешімдерін қарастыратын басқа да актілері сақталады.

Қоғам қызметкерлері мен білім алушылар Ғылыми кеңесі мәжілістерінің материалдарымен танысуға және олардың құқығы мен мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Ғылыми кеңесінің шешімдерінен көшірме алу құқығына ие.

25. Ғылыми кеңесінің мәжілісі ай сайын өткізіледі, бірақ екі айда бір реттен сирек өткізілмеуі тиіс, әр айдың соңғы сәрсенбісінде, мерекелік емес күндері өткізіледі.

26. Ғылыми кеңесінің келесі оқу жылына жұмыс жоспары университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің ағымдағы оқу жылы аяқталғанға дейінгі екек айдың ішінде Бас ғалым хатшыға беретін ұсыныстар негізінде қалыптасады және оны университет Ғылыми кеңесінің соңғы мәжілісінде бекітеді.

27. Ғылыми кеңесінің кезектен тыс мәжілісі Ғылыми кеңесі Төрағасының ұсынысы бойынша, сондай-ақ Ғылыми кеңесінің тізімдік санының үштен бір мүшелерінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін. Әрбір жағдайда Бас ғалым хатшысы кезектен тыс мәжілістің күн тәртібі туралы Ғылыми кеңесінің мүшелеріне жазбаша ақпарат береді.

Ғылыми кеңесінің жұмыс жоспарына кірмеген сұрақтар Ғылыми кеңесі мәжілісінде кемінде үштен бір мүшелерінің ұсынысы бойынша кіргізілуі мүмкін.

28. Ғылыми кеңесінің кезектен тыс мәжілісінің күн тәртібінің жобасын Бас ғалым хатшы қалыптастырады және Ғылыми кеңесінің Төрағасы мақұлдайды.

Ғылыми кеңес мәжілісінің күн тәртібінің жобасы Ғылыми кеңесінің мүшелеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға Ғылыми кеңес мәжілісі өтетін күннен бір апта бұрын жеткізіледі.

29. Ғылыми кеңесінің мүшелері - баяндамашылар мен Ғылыми кеңесі Комитет комиссиясының Төрағасы (оны құрған жағдайда) күн тәртібіндегі мәселе бойынша университет Ғылыми кеңесі мәжілісіне дейінгі он бес күннен кешіктірмей Бас ғалым хатшысына Ғылыми кеңесінің күн тәртібіндегі мәселе бойынша қазғаз және электронды түрінде баяндама мен шешім жобасын ұсынады. Баяндама мен шешім жобасы елдеуір өңдеуді қажет ететіндей ескертулер болған жағдайда, Бас ғалым хатшысы оған ұсынған Ғылыми кеңесінің баяндамаөы мен шешім жобасын баяндамашыға және комиссия төрағасына қайтаруға және оларды өндеу үшін уақыт белгілеуге құқығы бар.

Көрсетілген мерзімде материалдарды ұсынбаған жағдайда Ғылыми кеңесінің Төрағасы атаған сұрақты күн тәртібінен шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

30. Бас ғалым хатшысы Ғылыми кеңесінің төрағасына Ғылыми кеңесі мәжілісінің күн тәртібі бойынша барлық материалдарды мәжіліске дейін он күннен кешіктірмей ұсынады.

Ғылыми кеңесі төрағасының ұсынылған материалдар бойынша елдеуір ескертулері болған жағдайда сұрақты қарастырудан шығаруды немесе оны талқылауды Ғылыми кеңесінің басқа мәжілісіне ауыстыра алады, Бас ғалым хатшысы бұл жайында комиссия төрағасын тез арада хабардар етеді.

Күн тәртібінің сұрақтары бойынша шешімдер жобалары Ғылыми кеңесінің мүшелеріне мәжілістің басталуы алдында келу парағына қол қою кезінде беріледі.

31. Ғылыми кеңесінің мәжілісіне ұсынылатын материалдарға: баяндама, қосымша баяндама, Ғылыми кеңесі бекіткен құжаттар жобасы(лары), Ғылыми кеңесі шешімінің жобасы, қажет жағдайда, күн тәртібіндегі сұрақтың мәні бойынша анықтама кіреді.

Ұсынлатын материалдар келесі тәртіпте:

1) сұрақты дайындауға жауапты Ғылыми кеңесінің мүшесімен;
2) жетекші проректормен, міндеттерді бөлуге сәйкес басқа да лауазымды тұлғамен келісілген болуы тиіс.

3) университеттің Бас ғалым хатшысы ұсынлатын материалдардың сәйкес тұлғалармен келісілуін тексереді.

Ғылыми кеңестің отырыстарына материалдардың уақтылы және сапалы дайындалуына, және ғылыми кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауапкершілік Бас ғалым хатшыға жүктеледі.

32. Ғылыми кеңесінің мәжілісі Ғылыми кеңесі мүшелерінің келу паратына тіркелуінен басталады.

33. Егер Ғылыми кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі мәжіліске қатысса, онда Ғылыми кеңесінің мәжілісі заңды болып есептеледі.

34. Ғылыми кеңесінің мүшесі Ғылыми кеңесінің барлық мәжілістеріне қатысуға және оларға кешікпей келуге міндетті.

Ғылыми кеңесінің мәжілісіне қатысу мүмкіндігі болмаған немесе дәлелді себептермен кешіккен жағдайда Ғылыми кеңесінің мүшесі өз уақытында университет Ғылыми кеңесінің Төрағасын Бас ғалым хатшысы арқылы хабардар етеді.

Ғылыми кеңесінің мүшесі Ғылыми кеңесі мәжілісінің жарығысынан басым бөлігіне қатыспаған жағдайда университет Ғылыми кеңесінің Төрағасы Ғылыми кеңесінің мүшелеріне сол мүшені қайта сайлау туралы ұсыныс жасауға құқығы бар.

35. Ғылыми кеңесінің мүшесі Ғылыми кеңесінің мәжілістеріне, университет Ғылыми кеңесінің комиссия мәжілістеріне тікелей өзі қатысады.

36. Ғылыми кеңесінің мүшесі комиссия мүшелерін сайлауға құқылы және комиссия мен Ғылыми кеңесінің басқа да органдарына сайлана алады.

37. Ғылыми кеңесінің мүшесі осы Ережеде белгіленген тәртіппен талқылау үшін және Ғылыми кеңесінің қабылдауы үшін кез келген ұсыныс пен құжаттардың жобасы мен шешімін енгізу құқығына ие.

38. Ғылыми кеңесінің мүшесі мәжілістерде көтерілетін мәселелер бойынша пікірін білдіруге, Ғылыми кеңесінің төрағасы мен мүшелеріне, ректорат өкілдеріне және университет әкімшілігіне, Ғылыми кеңесінің мәжілісіне қатысушы басқа да тұлғаларға сұрақ қоюға, Ғылыми кеңесінің қарауына жататын мәселелерді талқылауда, дауыс беру реті бойынша да өз ұсыныстарын негіздеп сөз сөйлеуге құқылы.

39. Ғылыми кеңесінің мәжілістерінде сөз сөйлеудің келесі негізгі түрлері: баяндама, қосымша баяндама, талқыланушы мәселе бойынша қорытынды сөз, талқыланушы мәселенің мазмұны бойынша, талқыланушы кандидатура бойынша жарыссөзге шығу, ұсыныстар енгізу кезінде, дауыс беру мотиві туралы, мәжілісті жүргізу тәртібі бойынша сөз сөйлеу, сондай-ақ анықтамалар, ақпараттар, өтініштер, үндеулер болуы қарастырылады.

40. Ғылыми кеңесі мүшелерінің мәжілісіне қатысушы басым көпшіліктің келісімімен төрағалық етуші күн тәртібінің сұрағын, талқылаудың жалпы уақытын, сұрақтар мен жауаптарға арналған жалпы уақытты белгілейді, сөз сөйлеу уақытын ұзарта алады.

41. Белгіленген уақыт мерзімінің өткені туралы төрағалық етуші сөз сөйлеушіні ескертеді және содан кейін барып оның сөзін үзуге құқығы бар.

42. Ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланушы сұрақтар бойынша жарыссөздің тоқтауына байланысты сөз сөйлей алмаған оның мүшелері өз сөздерінің қол қойылған мәтіндерін университет Ғылыми кеңесі мәжілісінің хаттамасына қосуға құқығы бар.

43. Ғылыми кеңесі жекелеген сұрақтарды Институттар, Қоғамның басқа да құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми (ғылыми, ғылыми-техникалық) кеңесіне қарауға тапсыруға құқылы.

7. Дауыс беру және шешім қабылдау тәртібі

44. Ғылыми кеңесінің шешімдері оның мәжілістерінде ашық дауыс берумен қабылданады. Ашық дауыс беруді Ғылыми кеңес мәжілісінде төрағалық етуші жүргізеді. Ғылыми кеңесінің мүшелері дауыс беруге қойылған сұрақ бойынша «иә», «қарсы», «қалыс қалды» сияқты жауаптардың бір нұсқасына қол көтерумен өз пікірлерін білдіреді.

Егер Ғылыми кеңесі мүшелерінің мәжілісіне қатысушылардың жартысынан көбі дауыс берсе, онда шешім қабылданған деп есептеледі.

45. Ашық дауыс берудің алдында төрағалық етуші дауыс беруге қойылатын ұсыныстардың саны туралы хабарлайды, олардың дауыс беруге қойылатын жүйелілігін және тұжырымын нақтылайды, олардың қандай (Ғылыми кеңес мүшелерінің санының, мәжіліске және дауыс беруге қатысушы Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы санының) көпшілік дауыспен қабылдана алатындығын ескертеді.

46. Дауыс беру қол көтеру және берілген дауыстарды санау арқылы жүргізіледі. Дауыстарды санауды Төраға жүргізеді.

47. Барлық сұрақтар бойынша дауыс беру нәтижелері университет Ғылыми кеңесі мәжілісінің хаттамасына енгізіледі.

48. Бір сұрақ бойынша дауыс беруде Ғылыми кеңесінің мүшесі бір дауысқа ие әрі ол дауысын шешімді қабылдау үшін немесе оған қарсы болу үшін, әлде шешімді қабылдаудан қалыс қалу үшін береді.

49. Ғылыми кеңесінің мүшесі дауыс беру кезінде өз құқығын жүзеге асырады. Дауыс беруде болмаған Ғылыми кеңесінің мүшесі дауыс беру аяқталған соң немесе осы сұрақ бойынша дауыс беру үшін Ғылыми кеңесінің қабылдаған тәсілінен айырмашылығы бар тәсілмен өз даусын беруге құқығы жоқ.

50. Дауыстарды санау аяқталған соң, төрағалық етуші шешімнің қабылданғанын немесе қабылданбағанын (қайтарылғанын) жариялайды.

51. Дауыс беру үшін қажетті кворум болмаған жағдайда, төрағалық етуші дауыс беруді Ғылыми кеңесінің келесі мәжілісіне ауыстырады.

8. Қорытынды ереже

52. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен енгізілуі мүмкін.